

Сауытбай Р.С.



фэнтези



АСТАНАКІТАП

Алматы, 2023

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84(5Қаз)

С 24

Сауытбай Р.

С24 **Шоко әлем.** / Рустем Сауытбай. – Алматы, 2023.

– 272 бет.

ISBN 978-601-80755-8-2

Элия мен Райл табиғат аясындағы демалыста әкесін іздеп жүріп, әжесі айтқан үңгірге тап болады. Қалай екені белгісіз, үңгірдің іші оларға таңғажайып Шоко әлемге жол ашады. Ең қызығы, бұл елде бұйымдар, үйлер шоколадтан жасалған. Шоко әлемнің тұрғындары, шокилер, ежелден бері түздейімдіктермен жау еді. Жан-жақтың бәрін тұздамақшы болған түздейімдіктер үстемдік құрмақ болып, шокилерден сиқырлы шоколад дәндерін ұрлап әкетеді. Онымен қоса, Элия мен Райлдың әкесін де ұстап алады. Екі жас батырға әкесін құтқару үшін шокилерге көмектесуге тура келеді. Бірақ мақсаттарына жету үшін сиқырға толы елдерден өтуі керек. Бұл – өте қиын жол. Өйткені олар бір-біріне дұшпан болып кетуі де мүмкін...



ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84(5Қаз)

ISBN 978-601-80755-8-2

©Сауытбай Р.С., 2019

©Сауытбай Р.С., 2023

ШОКО ӘЛЕМ

(Фэнтэзи)

КІРІСПЕ

Шококент қаласының бір жанұясында бір жасар бала үйдің қабырғасын кеміріп жатты. Өйткені үйдің қабырғалары шоколадтан жасалған еді. Бұл балақай шоколадты қатты жақсы көретін. Ол тіпті қасықтап жеуге кіріседі. Бір кезде қабырға ішке қарай қисая түсті. Қабырғаның құлауына сәл-ақ қалған еді, сол кезде әкесі баласын уақытында тоқтатып, құтқарып алады. Балақайдың бет-ауызына шоколад жағылып, түрі көрінетін емес. Ол бадырайған көзімен жан-жағына қарап қойды. Бұл кішкентай Шококент тұрғыны әлі де ауызындағы шоколады бітірген жоқ. Балақай көзін жұмып тұрып, шоколадтың дәмін бар жан-тәнімен сезінді. Сол тәтті сәтте үйдің бір жағы құлап түсті. Бұл тәтті үй қаланың қақ ортасында орналасқан еді. Мына ғажайып қаладағы үйлер аспанда самғап бара жатқан құстардай тізіліп, ерекше әдемілік беріп тұратын. Алайда орталықтағы бір үйдің бұзылуы моншақтағы бір маржан тастың үзіліп кеткеніндей болды. Енді әкесіне басқа үй іздеуге тура келеді. Ешкімнің жағдайына қарамайтын қыс та таяп қалды.



Осы тәтті сәтте көрші үйде әкесі ішке кіріп келіп, балаларына бар дауысымен:

– Қазір таяқ жейсіңдер! Келіңдер! – деп айғай салды.

Кішкентай қараторы балақайлар болса жүгіріп келіп:

– Алақай! Алақай! – деп мәз боп секіріп жатты.

Олардың қуанышында шек жоқ. Өйткені әкесі әкелген таяқтар ерекше жасыл шоколадтан жасалған еді. Балалар дереу таяқ жеуге кірісті.

Әкесі болса:

– Мә, саған! Мә, саған! Мынау саған! – деп тәтті таяқтарды сүйкімді балақайларына таратып жатыр.

Шокоцентте үйлердің бұзылып құлауы сирек кездесетін жайт емес. Кішкентай балақайларды шоколад жеуден тыю мүмкін емес. Сондықтан кішкентай балаларды жалғыз қалдыруға болмайды. Ал көрші балақайлардың қуанышында шек жоқ. Олар біраз уақыттан кейін қирап жатқан үйді жейді, себебі бұл елде балалар – нағыз «үй жегіштер». Сол себепті үйге қонақ шақыру өте қауіпті. Қонақтар балаларымен келсе, байқап отырған жөн. Әйтпесе, тәтті басталған отырыс ащы жағдаймен аяқталуы мүмкін. Шоколадтың тартымдылығына ештеңе төтеп бере алмайды. Ол сондай тәтті, сондай сиқырлы.

Бұл керемет Шокоцент қаласы Тәтті тауының етегінде, Бал көлінің жағасында орналасқан. Бұл қаланың ерекшелігі ғимараттар мен тұрмыстық заттардың шоколадтан жасалуында еді. Сондықтан ба, тұрғындары

өте тәтті сөйлейді екен. Сөзі тәтті болғандықтан, әлбетте, көңілі де шаттыққа толы болатын. Сонымен қоса шокоценттіктер тәтті түс көріп, тәтті ұйқыға бөленетін. Тәтті өмір деп осыны айт! Өйткені шоколад қала тұрғындарының көңіл-күйін барынша көтеретін. Балалар қалағанынша шоколад жей алатын. Нағыз бала бақыты деген – осы. Бүлдіршіндер үйдің шоколадты қабырғаларын кеміргендіктен, ата-аналарына жыл сайын үйлерін жөндеуге тура келеді. Шоколадтың бір ерекшелігі қыста суық өткізбейді, ал жазда ерімейді. Бұл қасиеттің сыры сиқырлы шоколад дәндерінде.

Шокоцент тұрғындары өздерін «шокилер» деп атайды. Кейбір шокилер қараторы болып келеді. Олар осы түспен мақтанып, өздерін «нағыз шокиміз» дейді. Шокилер туған балаларына ат қойғанда «шоко» сөзін жалғайтын. Айшоко, Нұршоко, Жашоко және Байшоко деген есімдер жиі кездеседі. Оған қоса, Шоқан, Шоқай, Шокобай және Шокоару, Шоконұр, Тәттімбек деген аттар да өте көп қойылады. Биыл Шокоару есімі көп қойылып жатыр. Не деген тәтті есімдер!

Бұл тәтті елде шоколадтың түр-түрі болады: қоңыр, қара, ақ, қызыл, жасыл, көк, сары, тіпті алтын шоколад та бар. Мысалы, қаладағы ғимараттар, көбінесе қоңыр немесе ақ шоколад кірпіштерінен салынады. Кейбір бұйымдар сағыздан да жасалатын. Шоколад шығаратын кірпіш зауыты энергиясын сиқырлы шоколад дәндерінен алады. Бұл сиқырлы шоколад дәндерін ежелгі